

---

**«ҚАЗАҚСТАН – 2050»**  
**СТРАТЕГИЯСЫ:** **«БІР**  
**ХАЛЫҚ – БІР ЕЛ – БІР ТАҒДЫР»**

---

**«Бір халық»** – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер,


**«Бір ел»**, бұл – барлығымыз үшін ортақ Отан.

**«Бір тағдыр»**, бұл – біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!

**Н.Ә.Назарбаев**



Қазақ елі, қазақ топырағы кешегі өткен дана Абайды, жыры семсер Махамбетті, шындықтың дәл өзіндей болған Бауыржанды, ұлы Мұхтарды, сөз сазгері Ғ.Мүсіреповті, кеше ғана дүниеден өткен біртуар азамат Д.А. Қонаевты, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевты дүниеге әкелген.





Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігін ең бірінші болып жариялады. Оның тәуелсіздігін ең алғаш Туркия мойындады. Қазір дүние жүзі біледі десек қателеспейміз. Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Әлемде ядролық қарудың жарылыстарына мораторий жариялаған тұңғыш мемлекет - Қазақстан. Орта Азияда тыныштық пен бейбітшілікті қамтамасыз етіп, Европа мен Азияның бірлігін нығайтуға негіз қалап отыр. Дүние жүзінде соғыс пен ұлтаралық жанжал өршіген тұста халықтар достығын сақтап, ұлттар мен ұлыстардың сыйластығын және олардың өсіп, өркендеуіне жағдай жасап отырған - Қазақстан. Отанымыздың гүлденуіне, халықтың әл-ауқатының жақсаруына айырықша күш салып, басшылық жасап келе жатқан елбасымыз, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев.



Жаралған намыстан қаһарман халықпыз,  
Азаттық жолында жалындап жаныппыз.  
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен  
Аман-сау қалыппыз, аман-сау қалыппыз.

*Қайырмасы:*

Еркіндік қыраны шарықта,  
Елдікке шақырып тірлікте!  
Алыптың қуаты — халықта,  
Халықтың қуаты — бірлікте!  
Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,  
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.  
Татулық, достықтың киелі бесігі –  
Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!

*Қайырмасы:*

Талайды өткердік, өткенге салауат,  
Келешек ғажайып, келешек ғаламат!  
Ар-ождан, ана тіл, өнеге-салтымыз,  
Ерлік те, елдік те ұрпаққа аманат!

*Қайырмасы:*



# Қазақстан 2003-2011





**ЖУРНАЛДЫҢ І ШІ БЕТІ**  
**ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ**  
**«ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ**  
**ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА**  
**САЯСИ БАҒЫТЫ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН**





# Қалыптасқан Қазақстан - мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сыналуы

1. Қуатты да табысты мемлекет
2. Демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесі
3. Түрлі әлеуметтік, этностық және діни топтардың келісімі мен татулығы
4. Ұлттық экономика. Халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің рөліміз
5. Қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін күшті әлеуметтік саясат
6. Әлемдік қоғамдастық таныған ел
7. Ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетудегі біздің белсенді рөліміз
8. Қазақстан-2030 стратегиясы.

## **4. Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары**

1. Білім беру саласындағы жұмыстың басымдықтары
  - 1.1. «Балапан» бағдарламасын 2020 жылға дейін ұзарту
  - 1.2. Инженерлік білім беру жүйесін дамыту
  - 1.3. Білім беру саласындағы әлеуметтік жауапкершілік жүйесін дамыту
  - 1.4. Білім беру әдістемелерін жаңғырту
2. Инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты
  - 2.1. Технологиялар трансферті
  - 2.2. Ғылым мен бизнестің кооперациясы
  - 2.3. Перспективалы ұлттық кластерлерді қалыптастыратын жол картасы
3. Жастарға үндеу

---

**Біздің ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, XXI ғасырда орнықты дамуды жалғастыру.**

**Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру.**

**Мықты мемлекет экономикалық жедел өсу жағдайын қамтамасыз ету үшін аса маңызды болмақ.**

**Мықты мемлекет күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен, ұзақмерзімді дамумен және экономикалық өсумен айналысады.**



## **Журналдың II беті:**

Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясы өтті. Сессияда Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясын «Бүкіл халықтық өкілдік!» деп атады. Көреген Ұлт Көшбасшысының ұлы мақсатын сессияның аты да әйгілеп тұр: **«Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр»!**

Сонау 1991-де Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялағанда біздегі көпэтностылықты ең қатерлі «бомбаға» балап, «Қазақстанның болашағы көпұлттылығынан бұлыңғыр» деп «сәуегейлік» айтқандардың теріс пиғылын тас-талқан етіп, ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тап сол «бұлыңғырлықты» ортасынан сейілтетін бірегей ұлттық стратегия – Қазақстан халқы Ассамблеясын өмірге әкелген еді. Міне, бүгін күллі әлем Елбасы тудырған осы өміршең идеяның шешектеп гүл ашқанын, Қазақстан халқы бүгінде береке-бірлікпен бір халық болып ұйыса түскенін, орнықтылықты арқау етіп, орасан жетістіктерге жетіп отырғанын көріп-білді! Елбасы зұлмат жылдарда Қазақ топырағына қоныс аударылған сан түрлі ұлттың баласын бауырына басқан қазақ халқының дархандығын айтудан бір жаңылған емес. Осы дархандық емес пе еді – өзі де жарты, жарым құрсақ бола жүріп, жылап келген елдің жүзін жылытқан, жарты болып келген елді бүтін еткен!



Елбасы айтты: «**Бір халық**» – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер, «**Бір ел**», бұл – барлығымыз үшін ортақ Отан. «**Бір тағдыр**», бұл – біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!

Міне, қазақстандық қоғамдық келісімді шайқалтпай ұстап тұратын табаны таудай үш таған. Қоғамдық келісімсіз мемлекет бір адым да ілгері жылжи алмайды,






әсіресе, бүгінгідей дүние дүрбелең заманда. Елбасы мынаны баса айтты: «Қазақстандағы қоғамдық келісім, ең алдымен, қазақтың келісімі екендігін мықтап есте сақтаған абзал. Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекеттің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес». Ендеше, Ассамблея – барша қазақстандықтың мүддесі! «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз». Елбасы атап айтқан қоғамдық келісімнің бір ұшы рухани келісіммен сабақтасып жатқаны белгілі.



Қазақстандағы дәстүрлі діндер өкілдерінің өзара түсіністігі мен бір-бірінің сеніміне құрметі жалпы қоғамдық келісімге берік тиянақ болуда. Біздің еліміз тәуелсіздіктің 20 жылдан астам уақыты ішінде көптеген түрлі қауіп пен қатерлерге кезікті, алайда өзінің бірегей қазақстандық жолымен жүре отырып, олардың бәрін жеңе білді. Бұқара халық, діни бірлестіктер, этникалық топтар, ғылыми және шығармашылық қауымдар өкілдері ақпараттық және түсіндірме жұмысына, рухани мұра мен ұлттық мәдениетті насихаттауға, рухани құндылықтарды радикалды діни ағымдардан қорғауға бұдан да белсенді атсалысуы тиіс», – деп атап өтті.





## **Журналдың III беті: Мемлекеттік тіл**



Отанымыз бір, халқымыз бір, тағдырымыз, болашағымыз бір болған соң, бізді біріктіретін ортақ тілдік мәдениеттік тұтастық та ауадай қажет. Ол – баршамызға ортақ мемлекеттік тіл мен бай қазақ мәдениеті. Біз өзіміздің бет-бейнемізді сақтай отырып, осы ортақтыққа ойыса түсуіміз керек. Бұл біздің болашаққа аман-есен жетуіміздің Елбасы меңзеген қазақстандық жолы.

Тілді қастерлеу - ізгілік пен мәдениеттің белгісі.

- Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,  
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.  
Ел бетіне қалай түзеу қараймын,  
Ана тілім сені егер білмесем - дегендей

Ана тілі – атаңның, анаңның тілі, туған халқыңның тілі. Ана сүтіндей бойымызға біртіндеп сіңіреміз.





Өнерлі, білімді, мәдениетті қоғамның белсенді азаматы болуды біз тіл арқылы үйренеміз. Жеке бір адам ұлт тілін жасай алмайды. Тіл бүкіл халықтың игілігі, халықпен бірге жасап, бірге дамиды. Ол әр халықтың жазуы жоқта кітабы, мектебі жоқта ұстазы болған. Әр азамат өз ойын ана тілінде білдіріп, білімнің жемісін сол тілде тартады, шығармасын ана тілінде жазып қалдырады. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл – халықтың жаны, сәні, дәлірек айтқанда, тұтастай кескін келбеті. Адамды мұратқа жеткізетін тіл мен ата - дәстүрі. Біздің тіл туралы заңымыз 1997жылы 11- шілдеде Қазақстан Республикасының Ұ Тіл туралы жаңа Заң дүниеге келді. Қазақ тілі ұрпақтан - ұрпаққа, атадан - балаға жеткен ұлы мәдени мұра. Сондықтанда ана тіліміз талай жылға ақау болған. Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі – қазақ халқының тілі. Оның негізгі мекені - Қазақстан.



## **Журналдың IV беті: Қазақстанның экономикалық мүмкіндігі**

Бізде рухани теңдік, сонымен бірге, экономикалық та теңдік бар. Бүгінгі үдерісте экономикалық мүмкіндіктің рөлін төмен бағалауға болмас. Ата Заңымызда барша Қазақстандықтың кез келген игілікте тең құқыққа ие екендігі айқын жазылған. Басқасын айтпағанда, еліміздегі іргелі ұлттық компаниялардың акциялары барша Қазақстан азаматтарына ортақ ұсынылып отыр. Біз Қазақстанның азаматы ретінде мемлекеттің активтеріне ие болудамыз. Бұдан озған қандай экономикалық теңдік болуы мүмкін?! Бұл біздің ортақ Отанымыз, Қазақстанымыздағы аты-затына сай біртұтастықтың белгісі!

## *Журналдың V беті: Еңселі – Ақорда*





**Экспо 2017 — 2017 жылдың 10 шілдесінен бастап 10 қыркүйегіне** дейін **Қазақстанның** елордасы **Астана** қаласында **Халықаралық көрмелер бюросымен** (ХКБ) ұйымдастырылатын **Халықаралық көрме.**

Экспо 2017 иесі **2012 жылдың 22** қарашасында **Францияның** астанасы **Париж** қаласында ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Астана үшін **ХКБ**-ның 103 мүше-мелкеті дауыс берген, ал **бельгиялық Льеж** қаласы 44 дауыс жинады. Астана қаласының әлемнің 100 мемлекетінен 3-4 млн адамды қабылдайтындай шамасы болу керек.

Астанадағы ЕХРО-2017 көрмесі **ТМД** елдері мен **Орталық Азия** аумағындағы өткізілетін ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге айналуы мүмкін. Қуаныш болатын себебі – бұл көрменің өнеркәсіп саласында алатын орны спорттағы олимпиада мен футболдан әлем чемпионаты екеуін қосқандағымен парапар. Ал, ондай аса биік мәртебелі жиынды халықаралық мекемелер кез келген қаланың қанжығасына байлап жібере салмайтыны белгілі.



## **Журналдың VII беті :**

### **Жастар саясаты**

Бүгінгі аға буынның ертеңгі арқа сүйері – жастар. Яғни, олар сендерсіңдер балалар. Сайып келгенде жастардың бойындағы белсенділік, бастамашылдық – өсуіміздің, өркендеуіміздің нақты бағдарламасы іспетті. Жалпы қазіргі қазақ жастарының елішілік қоғамдық-саяси үдерістерден қалыспай, қордаланған проблемалардың түйіншегін тарқатуда өзіндік ой-пікірлерін білдіріп отыруы белгілі бір дәрежеде дәстүрге айналып отыр. Елбасымыз атап өткендей, қазіргі Қазақстан, әлемдік саяси сахнаға көрермен көзімен қарайтын үйренуші елден өсіп, енді үйретуші ел деңгейіне жетті. Бұл – бұлжымайтын байлам. Сол сияқты осы жиырма жылда жастардың да санасы өсті, ойы серпілді, қоғамға деген көзқарасы өзгерді. Егер Елбасымыздың әрбір Жолдауын мұқият тыңдар болсақ, онда жүктелген міндеттер, ең алдымен, жастарға жүктелген жауапкершілік екенін аңғарар едік. Президентіміздің айтуынша, мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаты лайықты тұлға ретінде болашақ патриотты тәрбиелеу болып табылады.



Елбасшымыз Тәуелсіз Қазақстанның жастарына айрықша үміт артады. Елдің ертеңі жастар деп қарайды. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінін нұрландырып, ертеңін гүлдендіретін ұлағатты ұрпақ деп біледі.

**Қорытынды:** «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» мәнін түсіне білген адамға бұл сөздің мағынасы үлкен. Елімізде тұратын 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілі 20 жылдың ішінде достығы мен туыстығы жарасып, біртұтас елге, бір тағдырлы халыққа айналды. «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» идеясының басты айтары – осы. Қазір еліміздегі барша халық бір ауаны жұтып, Қазақстанның кең-байтақ жерінде тату-тәтті тұрып жатыр. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің арасында қазақ тілін меңгеріп, қазақтың салт-дәстүрін ұстанатыны баршылық. Мұның барлығы қазақ халқының өзге ұлтты сыртқа теппей, керісінше бауырына басып, өзіндей көре білгенінің арқасы болса керек. Сондықтан біз қазір «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», бір тағдырлы елге айналып отырмыз. Қазір еліміздегі өзге ұлт өкілдері басқа елге кетіп, өздерін қазақ елінен бөліп қарау жайлы ойламайды да. Бұл – олардың бір елге айналғанының белгісі. Сондықтан «бір халық – бір ел – бір тағдыр» идеясы елімізде қалыптасқан осы бір татулықтың нағыз сипаттамасы деп білемін

Қазақ халқымен бірге қайнасып қалыптасқан 130-дан астам ұлт өкілдерінің біртұтастығы – біздің баға жетпес байлығымыз.

Біз Елбасы бағдарлап берген «Қазақстан-2050» Стратегиясын бетке ұстап, күшеюіміз, өсіп-өркендеуіміз, баршамызға баянды өмір сыйлаған Қазақстанымызды қуатты мемлекетке айналдыруға атсалысуымыз керек.

